

СОМУЛКАСЫ ОДИЛЕТ МИНИСТЕРЛІГІ  
ДЫСЫНЫҢ ОДИЛЕТ ДЕПАРТАМЕНТІ  
САХАСЫНЫҢ ОДИЛЕТ БАСҚАРМАСЫ

8-10

(ЕРЕЖЕТ) ЕНГІЗІЛГЕН  
ДЕРМЕН ТОЛЫКТЫРУЛАР ТІРКЕЛДІ  
1915-01-01 күнілік

ДАСЫ ТІРКЕЛТЕН КҮНІ

B-07

АКСАМ РЕДАКТОРДА АЛДЫРЫЛЫП ТАРАНДЫ  
АКСАМ СЫРЫНДА АЛДЫРЫЛЫП ТАРАНДЫ  
АКСАМ СЫРЫНДА АЛДЫРЫЛЫП ТАРАНДЫ  
12 13 07  
10240008679 АКСАМ СЫРЫНДА АЛДЫРЫЛЫП ТАРАНДЫ  
АКСАМ СЫРЫНДА АЛДЫРЫЛЫП ТАРАНДЫ



Облыс экімдігінің

2013 жылғы «16» маусымда

№306 қаулысымен

бекітілген

Атырау облысы Денсаулық сактау басқармасының  
«№7 Атырау қалалық емханасы» шаруашылық жүргізу  
куқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорнының

# ЖАРҒЫСЫ

Атырау облысы  
Атырау қаласы, 2013 жыл

10.01.2013

## 1. Жалпы ережелер

1. Атырау облысы Денсаулық сактау басқармасының «№7 Атырау қалалық емханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны (бұдан әрі – Кәсіпорын) Қазақстан Республикасы Президентінің «Жаңа онжылдық – жаңа экономикалық өрлеу – Қазақстаннның жаңа мүмкіндіктері» атты Қазақстан халқына Жолдауын және Қазақстан Республикасының денсаулық сактау саласын дамытудың 2011-2015 жылдарға арналған «Саламатты Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасын іске асыру, денсаулық сактау саласындағы қызметті жүзеге асыру үшін Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен белгіленген тәртіпте құрылды.

2. Кәсіпорынның құрылтайшысы Атырау облысының әкімдігі (бұдан әрі -Кұрылтайшы) болып табылады.

3. Кәсіпорынның мемлекеттік басқаруды жүзеге асыратын орган (бұдан әрі - мемлекеттік басқару органды) «Атырау облысы Денсаулық сактау басқармасы» мемлекеттік мекемесі болып табылады.

4. Кәсіпорынның толық атауы:

мемлекеттік тілде: Атырау облысы Денсаулық сактау басқармасының «№7 Атырау қалалық емханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны;

орыс тілінде: коммунальное государственное предприятие на праве хозяйственного ведения «Атырауская городская поликлиника №7» Управления здравоохранения Атырауской области»

5. Кәсіпорынның заңды мекенжайы және орналасқан жері: индекс 060027, Қазақстан Республикасы, Атырау облысы, Атырау қаласы, Алмагул шағын ауданы, 35-үй.

6. Кәсіпорынның қызмет көрсету мерзімі шектелмеген.

7. Филиалдары және өкілдіктері жоқ.

## 2. Кәсіпорынның заңдық мәртебесі

8. Кәсіпорын мемлекеттік тіркелген сәтінен бастап құрылған болып есептеледі және шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорынның үйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға құқығына ие болады.

9. Кәсіпорынның дербес теңгерімі, банктерде шоттары, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік елтаңбасы бейнеленген және Кәсіпорынның атауы бар бланкілері, мөрі болады.

10. Кәсіпорын өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексін, Қазақстан Республикасының Еңбек кодексін, Қазақстан Республикасының «Халық денсаулығы және денсаулық сактау жүйесі туралы» Кодексін, Қазақстан

*Мемор*

Республикасының «Мемлекеттік мұлік туралы» Занын, өзге де нормативтік құқықтық актілерді және осы Жарғыны басшылыққа алады.

### **3. Кәсіпорын қызметінің мәні мен мақсаттары**

11. Кәсіпорын қызметінің мәні мемлекеттік лицензияға және онын косымшаларына сәйкес халыққа медициналық қызметтер көрсету болып табылады.

12. Кәсіпорын қызметінің мақсаты азаматтардың денсаулығын сактау болып табылады.

13. Кәсіпорынның:

- 1) Кәсіпорын қызметін жетілдіру жөніндегі ұсыныстар енгізуге;
- 2) қоғамдық ұйымдармен өзара іс-қимылды жүзеге асыруға;

3) азаматтардың денсаулығын қорғау ісіне және денсаулық сактауды дамытуға ерекше үлес коскан Кәсіпорын қызметкерлерін марапаттауға ұсыну материалдарын дайындауға;

4) медициналық ұйымдардан, лауазымды тұлғалар мен азаматтардан өз құзыретіндегі мәселелерді шешу үшін қажетті ақпарат пен материалдарды сұратуға және алуға;

5) Қазақстан Республикасының заңнамасымен тыйым салынбаған кез-келген өзге қызметпен айналысуға құқығы бар.

14. Кәсіпорын Жарғыда көрсетілмеген және Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін қызмет түрлерін Құрылтайшымен алдын-ала келісілгеннен кейін жүзеге асырады.

15. Егер кандай да бір қызмет түрін жүзеге асыру үшін арнайы рұқсат, лицензия немесе сертификат қажет болса, Кәсіпорың тиісті рұқсат, лицензия немесе сертификат алғаннан кейін ғана осы қызмет түрін жүзеге асырады.

16. Кәсіпорын басшысының Кәсіпорынның осы Жарғыда көрсетілмеген қызметті жүзеге асыруға бағытталған және Құрылтайшымен келісілмеген іс-әрекеті енбек міндеттерін бұзу болып табылады және тәртіптік және материалдық жауапкершілік шараларын қолдануға әкеледі.

### **4. Кәсіпорынды басқару**

17. Құрылтайшының мынадай өкілеттіктері бар:

- 1) мемлекеттік басқару органының ұсынысы бойынша Кәсіпорынның Жарғысын бекітеді, оған өзгерістер мен толықтырулар енгізеді;
- 2) коммуналдық мұлікті Кәсіпорынға бекітеді;
- 3) Кәсіпорынға филиалдар мен өкілдіктерді құруына келісім береді;
- 4) Кәсіпорынның мұлқін пайдалану туралы, соның ішінде оны кепілге, жалға, өтеусіз пайдалануға және сенімгерлікпен басқаруға беру туралы шешімдер қабылдайды;

5) Қазақстан Республикасының заннамасымен оның күзыретіне жатқызылған өзге мәселелерді шешеді.

18. Кәсіпорынның мемлекеттік басқару органының мынадай өкілеттіктері бар:

1) Кәсіпорын қызметінің басым бағыттарын айқындайды;

2) Кәсіпорынның даму жоспарларын және олардың орындалуы бойынша есептерді қарайды, келіседі және бекітеді;

3) Кәсіпорынның даму жоспарларының орындалысын талдап, бакылауды жүзеге асырады;

4) Кәсіпорын мүлкінің есепке алуын ұйымдастырады, оны тиімді пайдалануды камтамасыз етеді;

5) Кәсіпорын мүлкінің мақсатқа сай пайдалануын және сақталуын бакылауды жүзеге асырады;

6) Кәсіпорын басшысын қызметке тағайындауды, Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейтін тәртіппен оны аттестаттауды өткізеді;

7) Кәсіпорын басшысының ұсынысы бойынша Кәсіпорын басшысының орынбасарларын қызметке тағайындауды және қызметтен босатады;

8) Кәсіпорынның еңбекке акы төлеу қорының мөлшерін жыл сайын белгілейді;

9) Қазақстан Республикасының заннамасымен оның күзыретіне жатқызылған басқа да мәселелер бойынша шешімдер кабылдайды;

19. Кәсіпорынның заңды тұлға ретіндегі органы болып Кәсіпорынның басшысы табылады.

20. Мемлекеттік басқару органы Кәсіпорынның басшысымен еңбек катынастарын Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес еңбек шартын жасау арқылы ресімдейді.

Еңбек шартында Қазақстан Республикасының Еңбек кодексімен белгіленген жағдайлардан басқа, бюджетке таза табыстың белгіленген бөлігінің уақтылы аударылмағаны үшін Кәсіпорын басшысының жауапкершілігі айқындалады.

21. Кәсіпорынның басшысы Кәсіпорынның қаржы-шаруашылық қызметіне және мүлкінің сақталуына дербес жауапты болады.

22. Кәсіпорынның басшысы Кәсіпорында сыйайлас жемқорлыққа карсы іс-әрекетті ұйымдастыруға дербес жауапты болады.

23. Кәсіпорын басшысы дара басшылық қағидаттарында әрекет етеді және Кәсіпорын қызметінің барлық мәселелерін Қазақстан Республикасының заннамасымен және осы Жарғымен белгіленген оның күзыретіне сәйкес дербес шешеді.

24. Кәсіпорын басшысы:

1) Кәсіпорынның атынан сенімхатсыз әрекет етеді және оның мүдделерін барлық органдарда білдіреді;

2) Қазақстан Республикасының заннамасымен белгіленген шектерде Кәсіпорынның мүлкіне билік етеді;

*Помр*

- 3) шарттар жасасады және өзге де мәмілелер жасайды;
  - 4) сенімхаттар береді;
  - 5) банктерде шоттар ашады;
  - 6) Кәсіпорынның күрылымын, еңбекке акы төлеу нысандарын, штат кестесін, лауазымдық жалақылардың мөлшерлерін, сыйлық беру және өзге де сыйакы жүйесін мемлекеттік басқару органы белгілеген еңбекке акы төлеу корының шегінде бекітеді;
  - 7) өзінің орынбасарлары мен Кәсіпорынның басқа да басшы қызметкерлерінің құзыретін белгілейді;
  - 8) Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес Кәсіпорынның қызметкерлерін жұмыска кабылдайды және олармен еңбек шарттарын бұзады, көтермелей шараларын колданады, егер Қазақстан Республикасының заңнамасымен және осы Жарғымен өзгеше көзделмесе, оларды жазаға тартады;
  - 9) Кәсіпорынның барлық қызметкерлері үшін міндетті бұйрыктар шығарады және нұсқаулар береді;
  - 10) оған Қазақстан Республикасының заңнамасымен және осы Жарғымен жүктелген өзге де міндеттерді жүзеге асырады;
25. Басшының орынбасарлары өзінің құзыреті шегінде Кәсіпорынның атынан әрекет етеді, оны мемлекеттік органдарда және басқа кәсіпорындарда білдіреді, шаруашылық операцияларын және шарттарды сенімхатсыз жасай алады, сондай-ақ Кәсіпорын қызметкерлеріне сенімхаттар бере алады.

## 5. Кәсіпорынның мұлқі

26. Кәсіпорын мұлқін құны Кәсіпорынның дербес тенгерімінде көрсетілген оның активтері құрайды.
27. Кәсіпорынның мұлқі оған шаруашылық жүргізу құқығымен бекітіліп беріледі, бөлінбейді және ол салымдар (улестер, пайлар) бойынша, соның ішінде Кәсіпорын қызметкерлерінің арасында бөлінбейді.
28. Кәсіпорынның мұлқі:

  - 1) оған меншік иесі берген мұліктін;
  - 2) өз қызметінің нәтижесінде сатып алынған мұліктін (акшалай табыстарды коса алғанда);
  - 3) Қазақстан Республикасының заңнамасымен тыйым салынбаған өзге де каражат көздері есебінен қалыптастырылады.

29. Кәсіпорын тұтас алғанда мұліктік кешен ретінде жылжымайтын мұлік болып танылады және мемлекеттік коммуналдық меншік құқығының объектісі болып табылады.
30. Мұліктік меншік ретінде Кәсіпорынның құрамына оның қызметіне арналған мұліктің барлық түрлері, оның ішінде ғимараттар, жабдықтар, мұкәммалдар, шикізат, өнімдер, жер учаскесіне құқығы, талап ету құқықтары, борыштар, сондай-ақ оның қызметін дараландыратын белгілерге құқықтар ( фирмалық атаяу) және басқа да айрықша құқықтар енеді.

31. Кәсіпорынның негізгі құралдарға жататын мүлікті сатып алу-сату, айырбастау, сыйга тарту шарттары негізінде иеліктен айыруға құқығы жок.

32. Құрылтайшының жазбаша келісімінсіз:

1) өзіне тиесілі ғимараттарды, имараттарды, жабдықтарды және басқа негізгі құралдарды иеліктен айыруға немесе өзге де әдіспен оларға билік етуге, ұзак мерзімді (үш жылдан астам) жалға беруге, уақытша өтеусіз пайдалануға беруге;

2) филиалдар, өкілдіктер мен еншілес кәсіпорындарды құруға, жеке кәсіпкерлермен бірге кәсіпорындар мен бірлескен өндірістер құруға, оларға өзінін өндірістік және ақшалай капиталын салуға;

3) дебиторлық берешекке билік етуге;

4) үшінші тұлғалардың міндеттемелері бойынша кепілгерлік немесе кепілдік беруге;

5) карыздар беруге құқығы жок.

Қазақстан Республикасының Бюджет Кодексімен немесе Құрылтайшымен өзгеше белгіленбесе, көрсетілген мүлікпен жасалған мәмілелерден алынған ақшаны Кәсіпорын дербес пайдаланады.

33. Егер Қазақстан Республикасының заңнамасында өзгеше көзделмесе, Кәсіпорын өзіне шаруашылық жүргізу құқығына бекітіліп берілген негізгі құралдарға жатпайтын жылжымалы мүлікке дербес билік етеді.

## **6. Кәсіпорынның қызметін қаржыландыру**

34. Кәсіпорынның қызметі өз табысы және Қазақстан Республикасының бюджет заңнамасында белгіленген тәртіппен алынған бюджет каражаттары есебінен Даму жоспарына сәйкес қаржыландырылады.

Кәсіпорынның даму жоспарларын әзірлеу және бекіту тәртібін мемлекеттік басқару органы айқындайды.

35. Кәсіпорынның таза табысының бір бөлігін аудару нормативін Құрылтайшы белгілейді. Кәсіпорынның таза табысының бір бөлігі белгіленген нормативтер бойынша Қазақстан Республикасының Бюджет кодексінде белгіленген тәртіппен тиісті бюджетке аударылуы тиіс.

36. Кәсіпорын көрсететін қызметтердің бағасы Кәсіпорынның оларды көрсетуге кеткен шығынын толық өтеуге, оның қызметінің залалсыздығын және өз кірісі есебінен қаржыландыруды қамтамасыз етуге тиіс.

Кәсіпорынның мемлекеттің тапсырысынан тыс көрсететін қызметтерінің бағасын Кәсіпорын қолданыстағы заңнамаға сәйкес белгілейді.

## **7. Кәсіпорынның жарғылық капиталы**

37. Кәсіпорынның жарғылық капиталы 598 229092,04 (бес жүз тоқсан сегіз миллион екі жүз жиырма тоғыз мың тоқсан екі) теңге 04 тын сомасында белгіленген және Кәсіпорынның мемлекеттік тіркелуі кезіне толық құралған.

## **8. Кәсіпорының есепке алуы мен есептілігі**

38. Кәсіпорының бухгалтерлік есебін жүргізу және қаржылық есептілігін жасау Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы заннамасына және мемлекеттік басқару органының келісімі бойынша қаржылық есептіліктің халықаралық стандарттарына сәйкес Кәсіпорының басшысымен бекітілген есеп саясатына сәйкес жүзеге асырылады.

39. Кәсіпорының жылдық қаржылық есеп беруі құрамына бухгалтерлік тенгерім, табыстар мен шығындар туралы есеп, ақша козғалысы туралы есеп, капиталдағы өзгерістер туралы есеп, тусіндірме жазба енеді.

## **9. Кәсіпорының жауапкершілігі**

40. Кәсіпорын өзінің міндеттемелері бойынша оған тиесілі барлық мүлікпен жауап береді.

41. Кәсіпорын оның мүлкінің меншік иесінің міндеттемелері бойынша жауапты болмайды.

42. Құрылтайшының немесе мемлекеттік басқару органының іс-әрекетінен банкротка ұшырағаннан басқа жағдайларды қоспағанда, мемлекет Кәсіпорының міндеттемелері бойынша жауап бермейді. Мұндай жағдайда мемлекет кредиторлардың талаптарын қанағаттандыруға Кәсіпорының қаржысы жетіспеген ретте оның міндеттемелері бойынша жауап береді.

43. Кәсіпорының шарттық міндеттемелері бойынша Құрылтайшы мемлекеттік тапсырысты орындау шенберінде каражаттандыру жауапкершілігін көтереді.

## **10. Мемлекеттік тапсырыс**

44. Кәсіпорын үшін мемлекеттік тапсырысты орындау міндетті болып табылады.

45. Егер бұл шарттарды жасасу мемлекеттің тапсырысында көзделген болса, Кәсіпорының қызметтерді сатып алушы немесе сатушы ретінде шарт жасасудан бас тартуға құқығы жоқ.

46. Мемлекеттік тапсырысты орындау Кәсіпорынға Мемлекеттік басқару органы және Қазақстан Республикасы Денсаулық сактау министрлігі Медициналық қызметке ақы төлеу комитетінің аумақтық бөлімшесі арқылы жеткізіледі.

## **11. Еңбек ұжымымен өзара қарым-қатынастар**

*М.М.*

47. Кәсіпорын әкімшілігі мен оның еңбек ұжымы арасындағы өзара қатынас Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексіне және ұжымдық шарттына сәйкес айқындалады.

48. Кәсіпорынның жұмыс тәртібі Қазақстан Республикасы Еңбек Кодексінің нормаларына және Денсаулық сактау Министрлігінің нормативтік күкүйктық актілеріне сәйкес белгіленеді.

## **12. Кәсіпорын қызметкерлеріне еңбекақы төлеу**

49. Кәсіпорынның еңбекке ақы төлеу корының мөлшерін жыл сайын мемлекеттік басқару органы белгілеп отырады.

50. Еңбекке ақы төлеу нысандарын, штат кестесін, лауазымдық жалақылардың мөлшерлерін, сыйлық беру және өзге сыйакы жүйесін еңбекке ақы төлеу корының шегінде Кәсіпорын дербес белгілейді.

51. Кәсіпорын басшысының, оның орынбасарларының, бас есепшісінің лауазымдық жалақыларының мөлшерлерін, оларға сыйлық беру және өзге де сыйакы жүйесін мемлекеттік басқару органы белгілейді.

## **13. Кәсіпорынды қайта ұйымдастыру және тарату**

52. Кәсіпорын Құрылтайшының шешімі бойынша қайта ұйымдастырылады және таратылады. Кәсіпорын Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексімен көзделген басқа негіздер бойынша да таратылуы мүмкін.

53. Кәсіпорынды қайта ұйымдастыру және таратуды, егер Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде өзгеше белгіленбесе, Құрылтайшының келісімі бойынша мемлекеттік басқару органы жүзеге асырады.

54. Таратылған Кәсіпорынның мүлкін кредиторлардың талаптарын қанағаттандырғаннан кейін қалған мүлкін Құрылтайшы қайта бөледі.

Кредиторлардың талаптарын қанағаттандырғаннан кейін қалған мүлкін сату нәтижесінде алынған қаражатын қоса алғанда таратылған Кәсіпорынның ақшасы жергілікті бюджеттің табисына есептеледі.

## **14. Жарғыға өзгерістер мен толықтырулар енгізу тәртібі**

55. Кәсіпорынның Жарғысына өзгерістер мен толықтырулар Құрылтайшының актілерімен енгізіледі.

С.Данай

m